

**"Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 38 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 наурызда № 10567 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 10 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы, 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 3-тармағының 14) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 26.09.2017 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

1. "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есеп және оның құрылуы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін;

2. "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 9 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9169 санымен тіркелген, 2014 жылдың 28 наурызында "Әділет" Ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін;

2) ресми жариялау үшін;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мәлімет және қызметте пайдалану, Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**№ 4 нысанды есеп. "Атқарушылық құжаттардың қозғалысы" № 1 кестесі**

Атауы	Есептік кезеңнің басындағы атқарушылық іс жүргізудің қалдығы	Есептік кезеңде қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	солардың ішінен			Аумақтық тиесілігіне қарай жолданғаны	Есептік кезеңде орындау болған атқарушы іс жүргізулер жалпы са
			қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	ортақ тәртіпте өндіріп алынғаны	аумақтық тиесілігіне қарай қабылданғаны		
	1	2	3	4	5	6	7
Үкімдер бойынша айыппұлдар	1						
Сотталғандардың мүлкін тәркілеу	2						
Сот үкімдері бойынша жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу	3						
Қылмыстық істер бойынша мемлекет пайдасына өндіріп алу	4						
с.і қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұқсанды өндіріп алу	5						
Мемлекет пайдасына өндіріп алу:	6						
с.і мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік ұйымдар пайдасына өндіріп алу	7						
материалдық нұқсанды өндіріп алу	8						



алименттерді өндіріп алу туралы	18						
Халықаралық, шетелдік соттардың және арбитраждардың шешімдері бойынша	19						
Атқарушылық әрекеттерді іске асыру кезінде жасалған шығындарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша	20						
Атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша	21						
Мәжбүрлеп орындау туралы прокурордың қаулысы бойынша	22						
Жеке сот орындаушысы қызметі төлемінің сомасын бекіту туралы оның қаулысы бойынша	23						
Сот қаулылары бойынша айыппұлдар	24						
Уәкілетті органның қаулылары бойынша айыппұлдар	25						
Әкімшілік істер бойынша мүлікті тәркілеу	26						
Мүліктік емес сипаттағы басқа да атқарушылық құжаттар	27						
Атқарушылық іс жүргізудің барлығы	28						





Сотталғандардың мүлкін тәркілеу	2							
Сот үкімдері бойынша жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу	3							
Қылмыстық істер бойынша мемлекет пайдасына өндіріп алу	4							
с.і қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұқсанды өндіріп алу	5							
Мемлекет пайдасына өндіріп алу:	6							
с.і мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік ұйымдар пайдасына өндіріп алу	7							
материалдық нұқсанды өндіріп алу	8							
залалды өндіріп алуға кінәлі лауазымды адамдардан өндіріп алу	9							
Мемлекет пайдасына мемл.баж салығын өндіріп алу	10							
Мемлекеттен өндіріп алу	11							
Лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне байланысты мемлекеттен	12							

залалды өндіріп алу								
Меншік нысанына байланыссыз заңды тұлғалардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың пайдасына өндіріп алу	13							
екінші деңгейдегі с.і банктердің пайдасына өндіріп алу туралы	14							
Жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу	15							
жалақыны өндіріп алу туралы	16							
зейнетақыны және жәрдемақыны өндіріп алу туралы	17							
алименттерді өндіріп алу туралы	18							
Халықаралық, шетелдік соттардың және арбитраждардың шешімдері бойынша	19							
Атқарушылық әрекеттерді іске асыру кезінде жасалған шығындарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша	20							
Атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот	21							








## **"Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы"**

### **№ 4 нысанды есептің құрылуы жөніндегі**

#### **нұсқаулық**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есептің құрылуы жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі – есепке Нұсқаулық) құқықтық статистика субъектілерінің Қазақстан Республикасы сот актілерін орындау бойынша Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АІО ААЖ) 4.0, 4.1 нысанды электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – ЭАЕҚ) енгізудің және солардың негізінде "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 нысанды есепті (бұдан әрі – есеп) қалыптастырудың негізгі ережелерін анықтайды.

2. ЭАЕҚ-ның бірыңғай нысандарын әзірлеу мен қолданысқа енгізуді Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) құқықтық статистика субъектілерімен келісе отырып жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – ҚР ӘМ) және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер), жеке сот орындаушылары аталған статистиканың субъектілері болып табылады.

4. ЭАЕҚ-н АІО ААЖ-не енгізу мен есепке қоюды ҚР ӘМ аумақтық бөлімшелері және жеке сот орындаушылары жүзеге асырады.

5. Есепті Комитет пен оның аумақтық басқармалары "Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ББСЖ ААЖ) қалыптастырады.

#### **2. Есептің құрылу тәртібі**

6. Есеп ЭАЕҚ-ның мынадай түрлері деректерінің негізінде қалыптастырылады:

1) осы есепке Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжатты есепке алу бойынша электрондық ақпараттық есепке алу құжаты" 4.0 нысанды ЭАЕК (бұдан әрі – 4.0 нысанды ЭАЕК);

2) осы есепке Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжаттың қозғалысы мен оның орындалу нәтижелері туралы электрондық ақпараттық есепке алу құжаты" 4.1 нысанды ЭАЕК (бұдан әрі – 4.1 нысанды ЭАЕК).

7. Есеп тоқсан сайын үдемелі қорытындымен құрылады.

8. Комитеттің аумақтық басқармалары есеп бойынша статистикалық кесіндіні есептік кезеңнен кейінгі айдың 6-күніне сағат 15.00 растайды.

9. Комитет республика бойынша жиынтық есептерді Комитет Төрағасына қол қою үшін есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күніне ұсынады.

10. Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының жиынтық есебіне (Комитет статистикалық кесіндіні бекіткеннен кейін) Комитеттің аумақтық басқармаларының бастықтары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы Әділет департаменттерінің басшылары және жеке сот орындаушыларының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы өңірлік палаталарының басшылары қол қояды, олар жергілікті жерлерде аталған есептердің сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жолдамайды).

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 01.08.2019 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Статистикалық кесінді бекітілгеннен кейін есепке түзету енгізуді Комитет жүргізеді.

12. Есепке түзету енгізілгеннен кейін екі күндік мерзімде Комитет түзетілген есепті қоса отырып, ҚР ӘМ-не тиісті ақпаратты жолдайды.

13. Есеп 2 кестеден тұрады: "Атқарушылық құжаттардың қозғалысы" 1-кестесі (бұдан әрі – № 1 кесте); "Орындауға келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алу мөлшері" 2-кестесі (бұдан әрі – № 2 кесте).

14. № 1 кестеде атқарушылық құжаттардың қозғалысы бейнеленеді.

15. 1-бағанда есептік жылдың басындағы атқарушылық іс жүргізудің қалдығы ескеріледі (бұл ретте 1-тоқсан, жартыжылдық, 9 ай және жыл ішінде атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша есептік кезеңнің басындағы қалдық өзгеріссіз сақталады және ағымдағы жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша аяқталмаған атқарушылық іс жүргізудің саны бейнеленеді).

16. 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша қозғалған атқарушылық іс жүргізулер көрсетіледі, соның ішінде атқарушылық іс жүргізудің қозғалған күні есептік кезеңнің күніне тең болуы қажет.

17. Солардың ішінен қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер 3-бағанда бейнеленеді.

4-бағанда ортақ борышкерлердің атқару парақтары ескеріледі. Егер ортақ тәртіпте өндіріп алу туралы бірнеше атқарушылық құжат бар болса, онда есепке алу № 1 атқару парағы бойынша есепте (бірінші тіркелген атқарушылық құжат бойынша) жүргізіледі.

Ортақ тәртіпте өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды тіркеу бірінші негізгі құжат бойынша жүзеге асырылады.

Ортақ тәртіпте өндіріп алуға жататын атқарушылық құжаттар қылмыстық немесе азаматтық іс қаралған ҚР ӘМ аумақтық бөлімшесінде ғана есепке алынады.

Борышкер өзге облыстың аумағында тұрып жатқан (немесе жазасын өтеп жүрген) жағдайда, сот орындаушысы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) жекелеген атқарушылық іс-әрекеттердің орындалуын өткізу туралы қаулы жолдайды.

18. 5-бағанда аумақтық тиесілігіне қарай қабылданған атқарушылық іс жүргізулер бейнеленеді.

Құжат бір атқарушылық органдағы бір сот орындаушысынан басқа сот орындаушысына берілген жағдайда атқарушылық құжат есепте бір рет ескеріледі.

19. 6-бағанда есептік кезеңде аумақтық тиесілігіне қарай орындауға жолданған атқарушылық құжаттар есепке алынады.

Атқарушылық құжаттарды аумақтық тиесілігіне қарай жолдау аумақтық бөлімше арқылы жүзеге асырылады.

20. 7-бағанда есептік кезеңде орындауда болған атқарушылық іс жүргізулердің жалпы саны бейнеленеді. Аумақтық тиесілігіне қарай жолданған атқарушылық құжаттарды қоспағанда (жылдың басындағы атқарушылық іс жүргізудің қалдығы мен ағымдағы жылы қозғалған атқарушылық іс жүргізу).

21. 8-бағанда іс жүргізуі есептік кезеңде аяқталған атқарушылық құжаттардың жалпы саны көрсетіледі. Атқарушылық іс жүргізу мынадай жағдайларда аяқталған болып есептеледі:

1) Заңның 49-бабымен көзделген;

2) Заңның 47-бабы 1-тармағының 1-6), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген негіздері бойынша атқарушылық іс жүргізу қысқартылған жағдайларда.

Іс жүзінде орындалған атқарушылық құжаттардың көрсеткіштерін бағалау аяқталған атқарушылық құжаттарға қатысты, ал атқарушылық құжаттар бойынша нақты өтелген сомалардың көрсеткіштерін бағалау іс жүргізулері аяқталған құжаттардың сомасы бойынша жүргізіледі.

22. 8-бағаннан шығатын 9-бағанда қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізу бойынша аяқталған атқарушылық іс жүргізулердің саны ескеріледі.

23. 10-бағанда сот орындаушысы борышкерден ақшалай қаражатты толық өндіріп алған немесе атқарушылық құжатта көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындаған атқарушылық құжаттар көрсетіледі (өндіріп алушыға борышкердің иелігіндегі мүлік берілді, жауап беруші көшірілді немесе талап-арыз беруші көшіп келді, үй иелігі бөлінді және тағы басқа әрекеттер). Сонымен қатар атқарушылық іс жүргізудің аяқталғаны міндетті түрде белгіленеді және орындау талаптарында "сот орындаушысымен" деген көрсетіледі.

24. Соның ішінде 11-бағанда Заңның 6-бабы 3-1) тармақшасына сәйкес, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі орындаған іс жүргізулердің саны бейнеленеді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 26.09.2017 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

25. 12-бағанда атқарушылық құжат ұсынылғанға дейін борышкер орындаған атқарушылық іс жүргізулердің саны көрсетіледі.

26. 13-бағанда Заңның 48-бабының негізінде өндіріп алушыға қайтарылған атқарушылық құжаттардың саны бейнеленеді. 14-бағанда соның ішінде жартылай орындаумен байланыстылары. 15-бағанда Заңның 49-бабы 3) тармақшасының негізінде қайтарылған атқарушылық құжаттар ескеріледі.

27. 16-бағанда Заңның 47-бабы 1-тармағы 1-6), 7-1), 8), 8-1), 9) тармақшаларының негізінде іс жүргізулері қысқартылған атқарушылық құжаттар бейнеленеді.

28. 17-бағанда егер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаны тарату аяқталған болса, құқықтық мұрагер жоқ болғанда немесе атқарушылық құжат орындау үшін банкроттық басқарушыға немесе сауықтыруды басқарушыға, не борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына жолданған болса, іс жүргізулері қысқартылған атқарушылық құжаттар бейнеленеді.

29. 18-бағанда белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған атқарушылық құжаттардың саны көрсетіледі.

Сот шешімін немесе өзге атқарушылық құжатты орындау мерзіміне Заңның 42-бабында көзделген тәртіпте іс жүргізуді тоқтату уақыты енгізілмейді. Мерзімдерді есептеу кезінде олар атқарушылық іс жүргізулер бойынша ғана белгіленгенін және мерзімді өндіріп алуларға байланысты емес екенін ескеру қажет.

30. 19-бағанда есептік кезеңнің аяғындағы орындалмаған құжаттардың қалдығы бейнеленеді.

31. 20-бағанда мерзімді орындауға жолданған атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

32. 21-бағанда барлық тоқтатылған атқарушылық іс жүргізудің саны көрсетіледі. Соның ішінде 22-бағанда Қазақстан Республикасының заң шығару актілерімен сот актісін орындауды тоқтату құқығы берілген және соның негізінде атқарушылық құжатты берген соттың немесе лауазымды адамның қаулы шығарған, сондай-ақ соттың орындауды белгілі бір мерзімге шегеруді, ұзартуды ұсынған жағдайларында тоқтатуымен байланысты саны бейнеленеді.

33. 23-бағанда борышкер болып табылатын заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру немесе соттың Заңмен белгіленген тәртіпте дәрменсіздік (банкроттық) туралы іс жүргізуді қозғау жөнінде шешім қабылдауы, соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдауы жағдайларында тоқтатылған атқарушылық іс жүргізудің саны көрсетіледі.

34. Жолдар бойынша көрсеткіштерден талаптар санаттары бойынша атқарушылық құжаттар ерекшеленеді.

1. 1-жолда үкімдер бойынша айыппұлдар туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

2. 2-жолда сотталғандардың мүлкін тәркілеу туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

35. Азаматтар мен заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы үкімдер бойынша атқарушылық құжаттар жөніндегі мәліметтер 3-жолда, мемлекет пайдасына 4-жолда, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұқсанды өндіріп алу 5-жолда бейнеленеді.

36. 6-жол мемлекет пайдасына өндіріп алу, 7-жол – мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекеттік ұйымның пайдасына өндіріп алу, 8-жол – материалдық нұқсанды өндіріп алу, 9-жол – лауазымды адамдардың кінәсі бойынша залал өндіріп алынған лауазымды адамдардан өндіріп алу, 10-жол – мемлекеттің кірісіне мемлекеттік баж салығын өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қамтиды.

37. 11-жолда мемлекеттен өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

38. 12-жолда лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен байланысты залал келтірілгені үшін мемлекеттен өндіріп алу туралы мәліметтер бейнеленеді.

39. Меншік нысанына байланыссыз заңды тұлғалардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың пайдасына өндіріп алу 13-жолда бейнеленеді, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден өндіріп алу 14-жолда көрсетіледі.

40. 15-жолда жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бейнеленеді, соның ішінде жалақыны немесе зейнетақыны және жәрдемақыны, алиментті өндіріп алу туралы 16-18-жолдарда көрсетіледі.

41. 19-жолда халықаралық, шетелдік соттардың және арбитраждардың шешімдері бойынша атқарушылық құжаттар бейнеленеді.

42. 20-жолда атқарушылық әрекеттерді іске асыру кезінде жасалған шығындарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша мәліметтер белгіленеді.

43. 21-жолда сот орындаушысының қаулысы бойынша атқарушылық санкцияларды өндіріп алу туралы мәліметтер бейнеленеді.

44. 22-жолда мәжбүрлеп орындау туралы прокурордың қаулысы бойынша атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

45. 23-жолда жеке сот орындаушысы қызметі төлемінің сомасын бекіту туралы оның қаулысы бойынша мәліметтер бейнеленеді.

46. Соттардың әкімшілік істер туралы қаулылары бойынша айыппұлдар 24-жолда, ал уәкілетті органның қаулылары бойынша айыппұлдар 25-жолда ескеріледі.

47. 26-жолда әкімшілік істер бойынша мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжаттар ерекшеленеді.

48. 27-жолда мүліктік емес сипаттағы (тұрғылықты жерінен көшіру, көшіп келу, жұмысқа қайта алу, заттай айғақтарды жою, құрылысты бұзу, борышкерлерді белгілі бір әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы) өзге де атқарушылық құжаттар бейнеленеді.

49. 28-жолда атқарушылық іс жүргізудің қорытынды сомасы көрсетіледі.

50. № 2 кестеде атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алулардың барлық түрлері бейнеленеді. Барлық сомалар жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің пайдасына ақшалай қаражаттың іс жүзінде келіп түскенін растайтын бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде ұлттық валюта – теңгемен көрсетіледі.

51. 1-бағанда есептік жылдың басындағы сомалардың қалдығы, 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сома бейнеленеді.

52. Қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сома 3-бағанда, ортақ тәртіпте өндіріп алуға жататын сома 4-бағанда ерекшеленеді.

53. 5-бағанда аумақтық тиесілігіне қарай қабылданған, 6-бағанда есептік кезеңде аумақтық тиесілігіне қарай орындауға жолданған сомалар ескеріледі.

54. 7-бағанға аумақтық тиесілігіне қарай жолданған атқарушылық құжаттарды қоспағанда, есептік кезеңде өндіріп алуға жататын барлық сома кіреді ((1-баған + 2-баған) – 6-баған = 7-баған).



55. 8-бағанда іс жүргізуі есептік кезеңде аяқталған немесе қысқартылған құжаттар бойынша сома көрсетіледі. Бұл ретте, 8-бағанның сомасы 9, 10, 12, 13, 15, 16-бағандардың сомасына тең.

56. 8-бағаннан шығатын 9-бағанда қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізу бойынша сома бейнеленеді.

57. 10-бағанда сот орындаушысы борышкерден ақшалай қаражатты толықтай өндіріп алған немесе атқарушылық құжатта көзделген өзге әрекеттер жасалған атқарушылық құжаттар бойынша сомалар ескеріледі.

Бұл ретте, 10-бағанға тек толық көлемде орындалған атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушысы өндіріп алған соманы ғана қосу қажет.

58. 11-бағанда № 448 ҮҚ сәйкес, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өндіріп алған сома бейнеленеді.

59. 12-бағанда атқарушылық құжат ұсынылғанға дейін борышкер төлеген сома көрсетіледі.

60. 13-бағанда Заңның 48-бабының негізінде өндіріп алушыға қайтарылған құжаттар бойынша сома бейнеленеді, 14-бағанда 13-бағаннан шығатын жартылай өндірілген сома, 15-бағанда Заңның 49-бабы 3) тармақшасының негізінде қайтарылған құжаттар бойынша сома ескеріледі.

61. 16-бағанда Заңның 47-бабы 1-тармағы 1-6), 7-1), 8), 8-1), 9) тармақшаларының негізінде іс жүргізулері қысқартылған атқарушылық құжаттар бойынша сома бейнеленеді.

62. 17-бағанда егер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаны тарату аяқталған болса, құқықтық мұрагер жоқ болғанда немесе атқарушылық құжат орындау үшін банкроттық басқарушыға немесе сауықтыруды басқарушыға, не борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына жолданған болса, іс жүргізулері қысқартылған атқарушылық құжаттар бойынша сома бейнеленеді.

63. 18-бағанда Заңның 39-бабында белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған атқарушылық құжаттардың сомасы көрсетіледі.

64. 19-бағанда есептік кезеңнің аяғындағы құжаттар сомасының қалдығы бейнеленеді (19-баған = 7-баған – 8-баған), солардың ішінен 20-бағанда мерзімді орындауға жіберілген атқарушылық құжаттардың сомасы көрсетіледі.

65. 21-бағанда барлық тоқтатылған атқарушылық іс жүргізулердің сомасы көрсетіледі. Соның ішінен 22-бағанда Қазақстан Республикасының заң шығару актілерімен сот актісін орындауды тоқтату құқығы берілген және соның негізінде атқарушылық құжатты берген соттың немесе лауазымды адамның қаулы шығарған, сондай-ақ соттың орындауды белгілі бір мерзімге шегеруді, ұзартуды ұсынған жағдайларында тоқтатуымен байланысты саны бейнеленеді.

66. 23-бағанда борышкер болып табылатын заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру немесе соттың заңмен белгіленген тәртіпте дәрменсіздік (банкроттық) туралы іс жүргізуді қозғау жөнінде шешім қабылдауы, соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдауы жағдайларында тоқтатылған атқарушылық іс жүргізудің саны көрсетіледі.

67. 24-бағанда борышкер өз еркімен төлеген 10%-дық атқарушылық санкцияның өндірілген сомасы көрсетіледі.

68. № 2 кестенің жолдарын қалыптастыру № 1 кестенің жолдарына ұқсас жүргізіледі.

### **3. ЭАЕК-н АЮ ААЖ-не енгізу**

69. ЭАЕК-нда атқарушылық құжатты есепке алу және оның қозғалысы, сондай-ақ орындалу нәтижелері бойынша барлық қажетті деректемелер электронды толтырылуға жатады.

4.0 нысанды ЭАЕК Заңының 9-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) атқарушылық құжаттар бойынша енгізіледі.

4.1 нысанды ЭАЕК келесі шешімдердің біреуі қабылданған атқарушылық құжаттар бойынша енгізіледі:

1) Заңның 40-бабының тәртібінде орындау мерзімін шегеру, ұзарту (сот шешімі бойынша);

2) Заңның 49-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді аяқтау;

3) Заңның 42-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді тоқтату;

4) Заңның 46-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді қайта жаңғырту.

4.0 және 4.1 нысанды ЭАЕК-ның деректемелік құрамы осы есепке Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысанда 4.0 және 4.1 нысанды ЭАЕК деректемелік құрамының анықтамалығына сәйкес толтырылады.

Аумақтық тиесілігіне қарай жолданған, алайда жолданған аумақтық бөлімшеге келіп түспеген атқарушылық құжат тиісті сот актілерін орындау органына келіп түскенге дейін оны жолдаған аумақтық бөлімшенің есебінен шығарылмайды.

Аумақтық бөлімше атқарушылық іс жүргізуді аумақтық тиесілігіне қарай жолдаған кезде осы есепке Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтық тиесілігіне қарай жіберу туралы" толтырылған № 1 бақылау карточкасын, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу материалдарын (борышкердің тиісті ауданның, қаланың немесе

облыстың аумағында тұратынын растайтын анықтама, бар болса атқарушылық құжаттың жартылай орындалғаны туралы анықтама, атқарушылық құжатты аумақтық тиесілігіне қарай жіберу туралы сот орындаушысының қаулысы) жібереді.

Атқарушылық құжатты аумақтық тиесілігіне қарай қабылдаған аумақтық бөлімше осы есепке Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтық тиесілігіне қарай қабылдау туралы" № 2 бақылау карточкасын толтырады, оны атқарушылық құжатты есептен шығару үшін тиісті аумақтық бөлімшеге жібереді.

№ 1 және № 2 бақылау карточкалары атқарушылық құжаттардың қозғалысын есепке алуға және басқа аймақтардың аумақтық бөлімшелерімен аумақтық тиесілігіне қарай жіберілген немесе келіп түскен әрбір атқарушылық құжат бойынша салыстырулар жүргізуге арналған.

#### **4. АІО ААЖ-нде ЭАЕҚ-на түзетулер енгізу тәртібі**

70. АІО ААЖ-не енгізілген ЭАЕҚ деректемелерін түзету ҚР ӘМ аумақтық бөлімшелерімен және жеке сот орындаушыларымен өз бастамалары бойынша немесе Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының бастамалары бойынша жүзеге асырылады.

71. Түзетудің нәтижелері бойынша тиісті аумақтық орган Комитетке немесе оның аумақтық басқармасына жасалған түзетулер туралы мәліметтерді (атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірін, өзгертілетін деректеменің атауын, алдыңғы және жаңа көрсеткішті көрсету арқылы) тез арада ұсынады, солардың негізінде Комитеттің ББСЖ ААЖ-нде тексеру жүргізіледі.

Есепке Нұсқаулықтың  
1-қосымшасы

#### **Атқарушылық құжатты есепке алу бойынша электрондық ақпараттық есепке алу құжаты**

Құжаттың орындауға келіп түскені туралы мәліметтер:

1. Атқару парағының нөмірі: (мәтін)

Сот актісінің шығарылған күні: (күні)

1.1. Соттағы азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істің нөмірі (уәкілетті органның әкімшілік қаулысының нөмірі): (мәтін)

2. Атқару парағының берілген күні: (күні)

3. Атқарушылық құжатты шығарған орган: (мәтін)

3.1. Азаматтық іс бойынша арызданушы: (сөздік деректеме)

4. Атқарушылық құжаттың атауы (Заңның 9-б.): (сөздік деректеме) 5. Заңның 38-б. 1-т. 1-9-тш. тәртібінде бас тартылды: (сөздік деректеме)

5.1. Бас тартылған күні: (күні)

5.2. Заңның 38-б. 5-т. тәртібінде қайтару жүргізілген органның, адамның атауы: (мәтін)

(Өндіріп алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аумақтық органның атауы): (мәтін)

6. Атқарушылық іс жүргізудің қозғалған күні: (күні)

6.0. Аумақтық органның атауы: (мәтін)

6.1. Атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірі: (мәтін)

7. Атқарушылық құжаттың орындауға келіп түскен күні: (күні)

7.1. Атқарушылық құжат келіп түсті: (сөздік деректеме)

8. Талаптардың санаты: (сөздік деректеме)

8.1. Талаптар санатына қосымша: (сөздік деректеме)

9. Талаптың мәні: (мәтін)

10. Өндіріп алу сомасы: (теңге түрінде) (мәтін)

10.1. Ортақ тәртіпте: (мәтін)

Борышкер туралы мәліметтер: жеке тұлға, заңды тұлға (сөздік деректеме)

Жеке тұлғаға арналған: (мәтін)

11. Борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): (мәтін)

Туған күні: (күні)

11.1. Жеке куәлігінің нөмірі: (мәтін), кіммен берілген: (мәтін), қашан берілген: (күні)

11.2. Жеке сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)

11.3. Жұмыс орны: (мәтін)

11.4. Атқарып отырған лауазымы: (сөздік деректеме)

11.5. Шетелдік адам: (сөздік деректеме)

11.6. Шетелдіктер үшін ел азаматтығы: (мәтін)

11.7. Мекенжайы: (мәтін)

Заңды тұлғаға арналған: (мәтін)

12. Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы: (мәтін)

12.1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)

12.2. Есеп айырысу шотының нөмірі: (мәтін)

Банктің атауы: (мәтін)

13. Борышкердің заңды мекенжайы: (мәтін)

Өндіріп алушы туралы мәліметтер:

14. Өндіріп алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): (мәтін)

14.1. Туған күні: (күні)

14.2. Жеке сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)

14.3. Шетелдік адам: (сөздік деректеме)

14.4. Мекенжайы: (мәтін)

15. Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы: (мәтін)

15.1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)

16. Өндіріп алушының заңды мекенжайы: (мәтін)

17. ЭАЕҚ толтырған адам: (мемлекеттік сот орындаушысы (01), жеке сот орындаушысы (02))

17.1. Сот орындаушысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): (мәтін)

17.2. ЭАЕҚ толтырған лауазымды адамның жеке сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)

Есепке Нұсқаулықтың  
2-қосымшасы

## **Атқарушылық құжаттың қозғалысы мен оның орындалу нәтижелері туралы электрондық ақпараттық есепке алу құжаты**

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі: (мәтін)

1.1. Сот актісінің шығарылған күні: (күні)

- 1.2. Соттағы азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істің нөмірі (уәкілетті органның әкімшілік қаулысының нөмірі): (мәтін)
- 1.3. Атқарушылық құжаттың берілген күні: (күні)
- 1.4. Атқарушылық құжатты шығарған орган: (мәтін)
- 1.5. Атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірі: (мәтін)
- 1.6. Атқарушылық іс жүргізудің қозғалған күні: (күні)
- 1.7. Аумақтық органның атауы: (мәтін)
- Атқарушылық іс жүргізу бойынша тараптар:
- 1.8. Борышкер: (мәтін)
- 1.9. Өндіріп алушы: (мәтін)
- 1.10. Талаптың мәні (солардың ішінен ортақ): (мәтін)
- 
2. Заңның 40-б. тәртібінде а/құжаттың орындалуын шегеру, ұзарту: (күні)
3. Орындау тәсілі мен тәртібі өзгертілді: (күні)
4. Тоқтатылды:
- 4.1. Тоқтатудың негізі: (сөздік деректеме)
5. Заңның 46-б. сәйкес қайта жаңғыртылды: (күні)
6. Атқарушылық іс жүргізу аяқталды: (күні)
- 6.1. Орындалды: (сөздік деректеме)
7. Атқарушылық іс жүргізуді қысқартудың негіздері: (сөздік деректеме)
8. Атқарушылық құжат өндіріп алушыға қайтарылды: (сөздік деректеме)
9. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі орындады: (күні)
10. Аумақтық тиесілігіне қарай жіберілді: (күні)
- 10.1. Қайда: (сөздік деректеме)
- 10.2. Жіберудің негіздері: (сөздік деректеме)
11. Борышкердің Қазақстан Республикасынан кетуін шектеу туралы шешім қабылданды: (күні)
- 11.1. Лицензиялар мен рұқсат қағаздарын беруге уақытша тыйым салу туралы шешім қабылданды: (күні)
- 11.2. Борышкерге бұрын берілген лицензиялар мен рұқсат қағаздарының қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданды: (күні)
- 11.3. Апелляциялық сатылы сотпен күші жойылды: (күні)
12. Мерзімді орындаудағы атқарушылық құжат ұстап қалуды іске асыру үшін жіберілді: (күні)
- 12.1. Қайда: (мәтін)
13. Заңның 124-б. тәртібінде 10% атқарушылық санкцияның өндіріп алынған сомасы (теңге түрінде): (мәтін)
- 13.1. Жартылай өндіріп алынған сома: (мәтін)
14. Соттың немесе өзге мемлекеттік органның талабы бойынша қайтарылды: (күні)
15. Заңның 39-бабымен белгіленгеннен жоғары мерзімде қаралды: (сөздік деректеме)
16. Атқарушылық құжат сотқа орындалғаны туралы белгімен қайтарылды: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_
17. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарауға уәкілетті органдарға орындалғаны туралы хабарлама жіберілді: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_
18. Атқарушылық іс жүргізу мұрағатқа тапсырылды: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_
- Мұрағаттық тізімдеменің № \_\_\_\_\_, архивариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы \_\_\_\_\_
- 
19. ЭАЕҚ толтырған адам: (мемлекеттік сот орындаушысы (01), жеке сот орындаушысы (02))
20. Сот орындаушысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): (мәтін)
- 20.1. ЭАЕҚ толтырған лауазымды адамның жеке сәйкестендіру нөмірі: (мәтін)
- Өзге де белгілер: \_\_\_\_\_

Есепке Нұсқаулықтың  
3-қосымшасы

## 4.0, 4.1 нысанды ЭАЕҚ деректемелік құрамының анықтамалығы

3.1. Азаматтық іс бойынша арызданушы (4.0 нысанды ЭАЕК)	
10031001	прокурор
10031002	әскери прокурор
10031003	көлік прокуроры
10031004	мемлекеттік орган
10031005	жеке тұлға
10031006	заңды тұлға
4. Атқарушылық құжаттың атауы (4.0 нысанды ЭАЕК)	
10041001	сот шешімінің негізінде берілген атқару парағы (Заңның 9-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары)
10041002	Заңның 9-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес берілетін сот бұйрықтары
10041003	Заңның 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және арбитраждардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары
10041004	Заңның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары
10041005	Заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары
10041007	Заңның 9-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы, талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы прокурордың қаулылары
10041010	Сот үкімінің негізінде берілген атқару парағы (Заңның 9-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары)
10041011	Заңның 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулылары
10041015	Заңның 9-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы, атқару санкциясын өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулылары
10041016	Заңның 9-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы, сот орындаушысының атқарушылық іс-әрекеттер жасау кезінде келтірілген шығыстарды өтеу туралы қаулысы;
10041017	Заңның 9-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы, жеке сот орындаушысының өзінің қызмет ақысының сомасын бекіту туралы қаулысы
5. Атқарушылық құжатты қайтарудың негіздері (4.0 нысанды ЭАЕК)	
10044001	Заңның 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, құжат атқарушылық болып табылмайды немесе атқарушылық құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді
10044021	Заңның 38-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы бойынша атқарушылық құжат өндіріп алушының арызынсыз ұсынылды
10044023	Заңның 38-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы бойынша атқарушылық құжат атқарушылық іс-әрекеттердің жасалған орнына қарай емес ұсынылды
10044024	Заңның 38-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бойынша атқарушылық құжатты орындауға ұсынудың мерзімі өтіп кетті және сотпен қалпына келтірілмеді
10044027	атқарушылық құжат бұрын орындауға ұсынылды және ол бойынша атқарушылық іс жүргізу Заңның 47-бабының 1) тармақшасы (Заңның 38-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы) бойынша қысқартылды

10044028	атқарушылық құжат болып табылатын сот актісі заң күшіне енбеді немесе соның негізінде Заңның 38-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы бойынша атқарушылық құжат берілді
10044029	Заңның 38-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы бойынша өндіріп алушы жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына атқарушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы енгізбеді
10044030	Заңның 38-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы, заңды күшіне енгені туралы белгісі бар, соттың қолымен және сот мөрімен расталған сот актісінің көшірмесі атқарушылық құжатқа тіркелмеді
10044031	Заңның 38-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы, уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 896-бабымен көзделген мәліметтер мен құжаттарды ұсынбады
7.1. Атқарушылық құжат келіп түсті (4.0 нысанды ЭАЕҚ)	
10043001	бірінші рет
10043002	қайталап
10043003	аумақтық тиесілігіне қарай келіп түсті
8. Талап ету санаттары (4.0 нысанды ЭАЕҚ)	
62019001	соманы өндіріп алу
62019002	белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеу
62019003	іс әрекеттерді тоқтата тұру
62019004	дүние мүлікті сұрату
62019005	көшіріп жіберу (көшіп келу)
62019006	жер телімдерін алып қою
62019007	жылжымайтын мүлікті жою
62019008	жұмысқа қайта қабылдау
62019009	алименттерді өндіріп алу
62019010	зейнетақыны өндіріп алу
62019011	жәрдемақыны өндіріп алу
62019012	мемлекеттік баж салығын өндіріп алу
62019013	айыппұл сомасын өндіріп алу
62019015	мүлікті тәркілеу
62019016	жалақы өндіріп алу
62019017	жер телімін босату
62019020	тағы да басқалары
62019021	қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіріп алу
62019022	материалдық залалды өндіріп алу
62019023	мүлікке тыйым салу/тыйым алу
8.1. Талап ету санаттарына қосымша(4.0 нысанды ЭАЕҚ)	
10060007	азаматтардың пайдасына өндіріп алу
10060010	екінші деңгейдегі банктердің пайдасына өндіріп алу
10060011	заңды тұлғалар мен кәсіпкерлердің пайдасына өндіріп алу
10060012	мемлекеттік ұйымдардың пайдасына өндіріп алу
10060013	мемлекеттік ұйымдардан өндіріп алу
10060014	лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен байланысты мемлекеттен өндіріп алу
10060015	лауазымды адамдардан зиян келтіргені үшін мемлекет пайдасына өндіріп алу

10060017	мемлекеттік мекемелердің пайдасына өндіріп алу
10060018	мемлекеттік мекемелерден өндіріп алу
10060019	мемлекет пайдасына өндіріп алу
10060020	мемлекеттен өндіріп алу
11.4. Атқаратын лауазымы (4.0 нысанды ЭАЕК)	
59012001	лауазымды тұлға емес
59012002	лауазымды тұлға
59012003	мемлекеттік қызметтерді атқаруға уәкілетті
59012004	коммерциялық ұйымдарда басқару қызметтерін атқару
59012005	басқа да ұйымдарда басқару қызметтерін атқару
59012006	мемлекеттік қызметтерді атқаруға теңестірілген
59012007	жауапты мемлекеттік лауазым
4.1. Тоқтатудың негіздері (4.0 нысанды ЭАЕК)	
10050001	Заңның 42-бабының 1) тармақшасы, борышкердің қайтыс болуы, оны қайтыс болды деп жариялау немесе хабарсыз кетті деп тану
10050002	Заңның 42-бабының 2) тармақшасы, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру немесе оны тарату не банкроттық туралы іс жүргізуді қозғау туралы шешім қабылдау
10050003	Заңның 42-бабының 3) тармақшасы, борышкерді немесе өндіріп алушыны әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі деп тану
10050005	Заңның 42-бабының 5) тармақшасы, әкімшілік жаза қолданған органдардың әрекеттеріне сотқа шағым беру
10050006	Заңның 42-бабының 6) тармақшасы, соттың немесе лауазымды адамның қаулы шығаруы, соның негізінде атқарушылық құжат беру
10050007	Заңның 42-бабының 7) тармақшасы, атқарушылық құжат бойынша өндіріп алынатын мүлікті тізімдемеден шығару туралы сотқа талап қою
10050008	Заңның 42-бабының 8) тармақшасы, қаржы нарығында қызметті жүзеге асыру лицензияларынан айыру немесе олардың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау
10050009	Заңның 42-бабының 9) тармақшасы, сот банкті, сактандыру ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы істі қозғау
10050010	Заңның 42-бабының 11) тармақшасы, борышкердің мүлкін бағалау нәтижелерін борышкердің немесе өндіріп алушының сотта даулауы
10050011	Заңның 42-бабының 10) тармақшасы, сот қаржы ұйымын қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауы
10050012	Заңның 42-бабының 10-1) тармақшасы, сот бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымды қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауы
10050013	Заңның 42-бабының 12) тармақшасы, өндіріп алушының жазбаша өтініш жасауы
10050014	Заңның 42-бабының 13) тармақшасы, осындай құқық берілген сот, прокуратура немесе өзге де құқық қорғау органдарының атқарушылық іс жүргізуді талап етуі
10050015	Заңның 42-бабының 14) тармақшасы, егер сот борышкерге қатысты іздеу жариялаған болса
10050037	Заңның 42-бабының 11-1) тармақшасы, атқарушылық іс жүргізуді борышкердің қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайда, ол бір айдан астам мерзімге уақытша болмағанда ( борышкер емдеу мекемесінде, қызметтік іссапарда, елді мекеннен тысқары, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызмет өткеруіне байланысты тысқары жерде болғанда)



10050038	Заңның 42-бабының 11-2) тармақшасы, өндіріп алушы атқарушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы ағымдағы шотқа жеке сот орындаушысы белгілеген мерзімге қарай енгізбеуі
6.1. Орындалды (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10054001	атқарушылық құжат ұсынылғанға дейін борышкермен орындалды
10054002	сот орындаушысымен орындалды
7. Атқарушылық іс жүргізуді қысқартудың негіздері (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10045001	Заңның 47-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, өндіріп алушының өндіріп алудан бас тартуы
10045002	Заңның 47-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы, өндіріп алушы мен борышкердің бітімгершілік келісімін жасасуы және оны соттың бекітуі
10045003	Заңның 47-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, шешімде белгіленген талаптардың немесе міндеттердің қайтыс болған адамның құқықтық мирасқорына ауыспауы
10045004	Заңның 47-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, атқарушылық құжатты орындау мүмкіншілігінің жоғалуы
10045005	Заңның 47-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы, орган шешімінің негізінде атқарушылық құжат берілген сол шешім күшінің жойылуы
10045006	Заңның 47-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы, борышкер немесе өндіріп алушы болып табылған заңды тұлғаны таратудың аяқталуы
10045007	Заңның 47-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы, атқарушылық құжатты өндіріп алудың немесе оған өзге де талап қоюдың толық көлемде орындалуы
10045008	Заңның 47-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы, заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқарушылық құжатты орындау кезінде өндіріп алушы борышкерден алып қойылған заттарды алудан бас тартуы
10045009	Заңның 47-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы, қайта құрылымдауды тоқтату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі
10045010	Заңның 47-бабы 1-тармағының 2-1) тармақшасы, медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісімнің жасалуы
10045011	Заңның 47-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасы, кәмелетке жасы келгеннен кейін алименттер өндіріп алу бойынша берешектің болмауы
10045012	Заңның 47-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасы, борышкердің мүлкін немесе табысын анықтау жөніндегі шаралардың барлығының нәтижесіз болуы
8. Атқарушылық құжаттың қайтарылу негіздері (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10049001	Заңның 48-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, өндіріп алушының арызы бойынша
10049002	Заңның 48-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы, мүлкіне немесе табыстарына қолданылатын өндіріп алу айналысының болмауы
10049003	Заңның 48-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, өндіріп алушы борышкердің сатылмаған мүлкін өзінде қалдырудан бас тартуы
10049006	Заңның 48-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, мүлктік емес сипаттағы атқарушылық құжат бойынша заңда көзделген орындау жөніндегі барлық шаралардың нәтиже бермеуі
10049007	Заңның 48-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы, өндіріп алушы жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына орындау бойынша шығыстарды жабу үшін қажетті аванстық сомаларды енгізуден бас тартуы
10049008	Заңның 48-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы, атқарушылық құжатты орындау процесінде борышкердің, борышкер мүлкінің жеке сот орындаушысының өкілеттіктері қолданылмайтын аумақта екенінің анықталуы
10049009	Заңның 48-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы, жеке сот орындаушысынан бас тартуға негіздердің болуы

10049010	Заңның 49-бабының 3) тармақшасы, соттың немесе өзге мемлекеттік органның талабы бойынша қайтарылуы
10049011	Заңның 48-бабы 5-тармағы, өндіріп алудың жартылай жүргізілуі
10049012	Заңның 48-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасы, борышкер қатардан шыққан (азамат қайтыс болған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, борыш ауысқан) жағдайда
10.1. Қайда жіберілді (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10066001	учаскенің шегінен тыс
10066002	облыстың шегінен тыс
10.2. Жіберудің негіздері (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10053001	Заңның 52-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы, борышкердің мекенжайы бойынша орындау үшін
10053002	Заңның 52-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы, борышкер мүлкінің орналасқан жері бойынша орындау үшін
10053003	Заңның 52-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы, борышкердің жұмыс орны бойынша орындау үшін
10053004	Заңның 52-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы, заңды тұлғаның тұрғылықты жері бойынша орындау үшін
10053005	тағы да басқалары
11. Таратушы комиссияға немесе банкроттық басқарушыға жіберілді (4.1 нысанды ЭАЕК)	
10061001	Таратушы комиссияға жіберілді
10061003	Банкроттық басқарушыға жіберілді
10061004	Ақтаушы басқарушыға жіберілді
10061005	Тарату аяқталды
15. Заңның 39-бабымен белгіленгеннен артық мерзімде қаралды (4.1 нысанды ЭАЕК)	
1	ия
0	жоқ

Есепке Нұсқаулықтың  
4-қосымшасы

## № 1 бақылау карточкасы. "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтық тиесілігіне қарай жіберу туралы"

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_ / / / / / / / / / / / / / / / /

2. Атқарушылық іс жүргізудің нөмірі \_\_\_\_\_ / / / / / / / / / / / / / / / /

3. Атқарушылық құжатты аумақтық тиесілігіне қарай жіберген аумақтық органның атауы \_\_\_\_\_

4. Атқарушылық құжаттың атауы \_\_\_\_\_ кіммен берілді \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ атқарушылық құжаттың берілген күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
келіп түскен күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
борышкер \_\_\_\_\_

---

мекенжайы: \_\_\_\_\_

---

Өндіріп алушы \_\_\_\_\_

---

мекенжайы: \_\_\_\_\_

---

талаптың мәні, өндіріп алу сомасы: \_\_\_\_\_

---

өндіріп алу түрі \_\_\_\_\_

5. Атқарушылық құжат қайда жіберілді (аумақтық органның атауы) \_\_\_\_\_

6. Атқарушылық құжаттың жолданған күні, шығыс нөмірі  
\_\_\_\_\_ / / / / / / / / / / / / / / / /

7. Атқарушылық құжат қалай жіберілді (почта байланысы арқылы, хабарламамен, қолма-қол және т.б., атқарушылық құжатты қабылдау туралы мәліметтер болса көрсетілсін) \_\_\_\_\_

Сот орындаушысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, анық) (қолы)

Мөр басуға арналған орын

Есепке Нұсқаулықтың  
5-қосымшасы

**№ 2 бақылау карточкасы. "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтық тиесілігіне қарай қабылдау туралы"**

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_ / / / / / / / / / / / / / / / /

2. Қозғалған атқарушылық іс жүргізудің нөмірі \_\_\_\_\_ / / / / /  
/ / / / / / / / / /

3. Атқарушылық құжатты аумақтық тиесілігіне қарай қабылдаған аумақтық органның атауы \_\_\_\_\_

4. Атқарушылық құжаттың атауы \_\_\_\_\_ кіммен берілді \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ атқарушылық құжаттың берілген күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
борышкер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мекенжайы:  
\_\_\_\_\_

өндіріп алушы  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

мекенжайы:  
\_\_\_\_\_

талаптың мәні, өндіріп алу  
сомасы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

өндіріп алу түрі \_\_\_\_\_

5. Атқарушылық құжат қайдан келді (аумақтық органның атауы, шығыс нөмірі) \_\_\_\_\_

6. Атқарушылық құжаттың қабылданған күні, кіріс нөмірі  
\_\_\_\_\_ / / / / / / / / / / / / / / / /

7. Атқарушылық құжат қалай қабылданды (почта байланысы арқылы, хабарламамен, қолма-қол және т.б.) \_\_\_\_\_

Сот орындаушысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, анық) (қолы)

Мөр басуға арналған орын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК